



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 1944 от 28.08.2025

**2025-2026 оқу жылында Астана қаласының білім
ұйымдарының оқушылары арасында
оқушылар Гимназиадасы, колледж студенттері
Спартакиадасы мен қалалық мектеп лигасын
өткізу туралы**

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 03 шілдедегі № 228-V Заңын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және 2025-2026 оқу жылына арналған спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру – сауықтыру іс-шаралары мен жарыстардың күнтізбелік жоспарын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы бойынша Оқушылар Гимназиадасын өткізу ережесі, колледж студенттері Спартакиадасын өткізу ережелері, білім беру ұйымдарының оқушылары арасында мектеп лигасын өткізу қағидалары, білім беру ұйымдарының оқушылары арасында әскери-спорттық ойындарды өткізу қағидалары, білім беру жүйесі қызметкерлерінің денсаулық Спартакиадасын өткізу қағидалары, ұйымдастыру комитетінің құрамын, бас төрелі алқасы және төрешілер тізімін қоса отырып, қоса беріліп отырған бағдарлама бекітілсін.

2. Мектеп оқушыларының Гимназиадасы мен колледж студенттері Спартакиадасын 4 кезеңде өткізілсін:

- 1 кезең – мектепшілік, колледжішілік жарыстар;
- 2 кезең – мектепаралық, аудандық және іріктеу ойындары;
- 3 кезең – аудандық, топтық және іріктеу жарыстары;
- 4 кезең – қалалық ақтық жарыстар.

3. «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы» МКҚК Гимназиаданың, Спартакиадалардың және қалалық мектеп лигасының барлық кезеңдерін, әскери-спорттық ойындарды, білім беру жүйесі қызметкерлерінің Спартакиадасын және оқушылар, студенттер мен білім беру ұйымдары қызметкерлерінің арасында спорт түрлері бойынша әртүрлі деңгейдегі турнирлер мен жарыстарды сапалы өткізу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

және ақысын, тиісті ерекшелік бойынша қаржыландыру жоспарында көзделген қаражат шегінде жоғарыда көрсетілген спорттық іс-шараларды өткізуге және ұйымдастыруға байланысты шығыстарды төлесін.

4. Жарыстарды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының және Астана қаласының Бас санитарлық дәрігері бекіткен санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтау және карантин жағдайында жарыстарды қашықтықтан өткізу көзделсін.

5. Білім басқармасы басшысының орынбасары Н.Еламанов 2025-2026 оқу жылына бөлінген бюджет қаражаты шегінде қалалық спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, әскери-спорттық іс-шаралар мен жарыстарды қаржыландыруды көздесін.

6. Білім беру ұйымдарының директорлары:

- спорт залдарын, спорт алаңдарын, саптық алаңдар мен атыс тирлерін, жарыстарды медициналық қамтамасыз етуді, сондай-ақ Гимназида, Спартакиада, мектеп лигасы бағдарламасы бойынша спорт түрлері бойынша жарыстар, әскери-спорттық ойындар, сондай-ақ түрлі деңгейлі турнирлер мен жарыстар өткізу күндері қажетті спорттық жабдықтар мен мүкәммалды беруге жан-жақты қолдау және жәрдем көрсету.

- жарыстарға қатысатын команда мүшелерін сүйемелдеу үшін жаттықтырушы-оқытушылардың, дене шынықтыру мұғалімдерінің және АӨТД-ның қатысуын қамтамасыз ету, оларға оқушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін дербес жауапкершілік жүктелсін;

- дене шынықтыру және АӨТД мұғалімдері болмаған кезеңде оларға оқу-тәрбие процесі шеңберінде жалақыны сақтауды және басқа дене шынықтыру мұғалімдерінің орнына ақы төлеуді қамтамасыз ету;

- негізгі жұмыс орны бойынша жалақысын сақтай отырып, дене шынықтыру және спорт бойынша мұғалімдер қатарынан тағайындалған бас төрешілер мен төрешілердің келуін қамтамасыз ету;

- қатысушылар үшін қажетті жағдайлар жасау, жарыс өтетін жерлерде, сондай-ақ жол жүру жолында қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- жарыстың салтанатты ашылуы мен өткізілуін салауатты өмір салтын насихаттау, патриоттық тәрбие беру және оқушыларды дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту құралы ретінде пайдалану, бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын көздеу;

- спорт түрлері бойынша құрама командаларды спорттық формамен қамтамасыз ету;

- жарыс қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының дене шынықтыру және АӨТД мұғалімдерін материалдық және моральдық ынталандыру мүмкіндігін қарастыру.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары М. Каирбаеваға жүктелсін.

Басшының м.а.

Н. Еламанов

Астана қаласы Білім
басқармасы басшысының
2025 жылғы « »
№ _____ бұйрығына

**«БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ!» АТТЫ
МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ГИМНАЗИАДАСЫН ӨТКІЗУ
Е Р Е Ж Е С І**

I. Мақсаты және міндеті

Астана қаласы оқушылар Гимназиадасы мына мақсатта өткізіледі:

- «Дене тәрбиесі және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңын, «Қазақстан Республикасына білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын және 2025-2025 оқу жылына арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын іске асыру;
- мектеп оқушылары арасында отансүйгіштік тәрбиесін күшейту және салауатты өмір салтын насихаттау;
- оқушыларды дене тәрбиесімен, спортпен тұрақты шұғылдануға тарту;
- әртүрлі спорт түрлерімен айналысуға оқушылардың қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың денсаулығын нығайту;
- дүбірлі республикалық және халықаралық жарыстарға қатысатын қалалық құрама командалар үшін дарынды жас спортшыларды даярлап, іріктеуге бағытталған жұмыстарды мақсатты түрде жүргізу;

II. Гимназиаданы өткізуге басшылық жасау

Қалалық оқушылар Гимназиадасын дайындап өткізудің жалпы басшылығын Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы жүргізеді. Гимназиада жоғарғы деңгейде өту үшін Білім басқармасының жанынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Гимназиаданың ақтық жарыстарын тікелей өткізу Астана қаласы Білім басқармасының ұйымдастыру комитеті бекіткен бас төрешілер алқасына, сондай-ақ әр спорт түрлерінен тағайындалған төрешілерге жүктеледі. Мектеп оқушылары Гимназиадасы шеңберінде жарыстарды өткізу үшін стадиондарды, спорттық алаңдарды, спорттық залдар мен оқ ату тирлермен және т.б. қамтамасыз ету білім беру ұйымдарының басшыларына жүктеледі.

III. Жарысқа қатысушы ұйымдар мен спортшылар

Гимназиадаға Астана қаласының мектеп оқушыларының командалары қатысады .

Гимназида жарыстарының барлық кезеңдеріне қала мектептерінің спорттық дайындығы бар, дәрігерлік тексерістен өткен мектеп оқушылары қатысады.

Жарысқа қатысатын оқушылардың, сол білім мекемесінде оқитындығы жөнінде талас туындамас үшін мектептер алдын-ала келісіп алулары қажет, ал туындай қалған жағдайда әр мектеп өкілі мандаттық комиссия отырысына, тиісті құжаттарды көрсетулері қажет.

Білім мекемелері жарысқа қатысатын командаларды біркелкі спорт киімімен қамтамасыз етуге тиіс.

IV. Өткізу тәртібі мен мерзімі

Астана қаласы оқушылар Гимназиадасы 4 кезеңде өткізіледі:

- 1 кезең – мектепшілік жарыстар (топтар алдындағы жарыстар)
- 2 кезең – топтық және іріктеу жарыстары
- 3 кезең – аудандық, топтық және іріктеу ойындары
- 4 кезең – ақтық қалалық жарыстар

V. Өткізу шарты

Оқушылар Гимназиадасы спорттың 10 түрінен өткізіледі (кросс, футбол (ұл.), баскетбол (ұл., қыз.), волейбол (ұл., қыз.), шаңғымен жүгіру, тоғызқұмалақ, қысқы және жазғы Президенттік көпсайыс). Гимназиданың ақтық жарыстары жарыстың өткізу ретінің тиісті бөлімінде баяндалған тәртіп бойынша және әр спорт түрлерінен бекітілген қазір қолданыстағы ережелер бойынша өткізіледі. Жалпыкомандалық орынды анықтағанда екі немесе одан да көп команданың жинаған ұпайлары бірдей болған жағдайда әр спорт түрлерінен бірінші, екінші орындарды және жүлделі орындарға көбірек ие болған командаға басымдылық беріледі.

Екі немесе одан да көп командалардың ұпай сандары тең түскен жағдайда, төмендегі берілген көрсеткіштер арқылы анықталады:

Екі немесе одан да көп командалардың ұпай сандары тең түскен жағдайда мынадай көрсеткіштер арқылы командалар басымдылыққа ие болады (әр кезеңде жекелей 2,4,5 кезеңдерде жіберілген және салынған доп санының және кезеңдердің айырмашылығы азайту +, - амалы арқылы есептеледі):

футболда:

- барлық кездесулердегі жеңіс саны;
- екі команданың арасындағы ойын нәтижесі
- осы командалардың салынған және жіберілген доп санының айырмашылығы;
- көп салынған доптың саны бойынша.

волейболда:

- барлық кездесулердегі жеңіс сандары арқылы;
- екі команданың арасындағы ойын нәтижесі;
- барлық кездесулердегі кезең айырмашылығы арқылы;
- әр кезеңде жекелей барлық кездесулердегі доп санының айырмашылығы арқылы;
- әр ұтқан кезең үшін команда ұпайға ие болады, егер команда 0-2 есебімен ұтылған жағдайда оған ұпай берілмейді.

баскетболда:

- барлық кездесулердегі жеңіс сандары арқылы;
- екі команданың арасындағы ойын нәтижесі;
- тең ұпай көрсеткіштері бар командалардың арасындағы ойын нәтижесі ;
- осы командалардың салынған және жіберілген доп санының айырмашылығы;
- көп салынған доптың саны бойынша.

Спорт түрлері бойынша жарыстар Гимназиаданың төрешілік алқасында өзгертілген және толықтырылған Халықаралық ережелер бойынша өткізіледі.

2 кезең – топтағы ойындар («Алматы» + «Сарайшық» ауданында 8 топ , «Сарыарқа» ауданында 8 топ , «Есіл»+ «Нұра» ауданында 8 топ және «Байқоңыр» ауданында 4 топ). Әр топтың 1-2 орын алған командалары 3 кезеңге жолдама алады.

3 кезеңде «Алматы»+ «Сарайшық» ,«Сарыарқа», «Есіл»+ «Нұра» аудандарында 1-ші қиыстырылған ойындар –

1) A1-H2, 2) H1-A2, 3) B1-G2, 4) G1-B2, 5) C1-F2,6) F1-C2, 7) D1-E2, 8) E1-D2;

«Байқоңыр» ауданында: **1) A1-D2 2) B1-C2 3) C1-B2 4) D1-A2**

Тек қана «Алматы», «Сарыарқа», «Есіл»+ «Нұра» аудандарында 2-ші қиыстырылған ойындар:

1)W1-W8, 2) W2-W7, 3) W3-W6, 4) W4-W5

4 кезең – аудандық ақтық жарыстар. Әр ауданнан 4 команда айналмалы жүйе бойынша ауданның жеңімпазы мен жүлдегерлерді анықтайды.

5 кезең – қалалық ақтық жарыстар ТОП-16 (әр ауданнан 4 командадан 16 команда қатысады).

Жеребе арқылы 16 команда 4 топқа бөлініп, топта 1-2 орын алған командалар қиылысқын ойындарға жолдама алады: 1) A1-D2 2) B1-C2 3) C1-B2 4) D1-A2

Қиылысқын ойындарда жеңіп шыққан 4 команда жеребе немесе дауыс беру арқылы жартылай финалдық ойындарды анықтайтын жүйені анықтайды: **I жүйе- W1-W4, W2-W3, II жүйе- W1-W3, W2-W4 және III жүйе- W1-W2, W3-W4**, кейін ұтылған командалар 3-4 орынға таласады, ұтқан командалар 1-2 орынды сарапқа салады

Спорт түрлері бойынша қалалық біріншілікте ұпай 2-ші кесте бойынша анықталады:

Ор ын	Ұн ай	Ор ын	Ұна й	Ор ын	Ұна й	Ор ын	Ұн ай	Ор ын	Ұна й	Ор ын	Ұн ай	Оры н	Ұн ай	Ор ын	Ұн ай	Оры н	Ұн ай
1	90	9	66	17	58	25	50	33	42	41	34	49	26	57	18	65	10
2	83	10	65	18	57	26	49	34	41	42	33	50	25	58	17	66	9
3	76	11	64	19	56	27	48	35	40	43	32	51	24	59	16	67	8
4	71	12	63	20	55	28	47	36	39	44	31	52	23	60	15	68	7
5	70	13	62	21	54	29	46	37	38	45	30	53	22	61	14	69	6
6	69	14	61	22	53	30	45	38	37	46	29	54	21	62	13	70	5
7	68	15	60	23	52	31	44	39	36	47	28	55	20	63	12	71	4
8	67	16	59	24	51	32	43	40	35	48	27	56	19	64	11	72	3

Командалық жарыстарда спорттық ойын түрлері бойынша ұпайлар саны төмендегі 3-ші кесте бойынша жүргізіледі:

ҚОС бағдарламасы шеңберінде кезеңдер бойынша ұпайларды үлестіру	Ие болған орындар	Ұнай
5 кезең- спорттық ойындар бойынша жарыстарда 1-4 орындарға ие болған командаларға ұпайларды үлестіру	1 орын	90
	2 орын	83
	3 орын	76
	4 орын	71

5 кезең- 3-ші қиыстырылған ойындарға қатысып, жартылай финалға өте алмай қалған командаларға ұпайларды үлестіру	5-8 орын	65
4 кезең- ТОП-16 топтық ойындарға қатысып, 3-ші қиылысқан ойындарға шыға алмай қалған командаларға ұпайларды үлестіру	9-16 орындар	60
3 кезең- 2-ші қиыстырылған ойындарға қатысып, ұтылып қалған командаларға ұпайларды үлестіру	17-24 орындар	55
3 кезең- 1-ші қиыстырылған ойындарға қатысып, ұтылып қалған 24 командаға ұпайларды үлестіру	25-48 орындар	45
2 кезең- топтарда ойнап, 3 кезеңге өте алмаған командаларға ұпайларды үлестіру	49 ----- орындар	25

Гимназиаданың ақтық жарыстарында:

1. Жарысқа әр спорт түрлерінен 6 команда қатысқан жағдайда командалық біріншілік анықталады;
2. Жекелей біріншілік жарыс бағдарламасы бойынша жарысқа 4 спортшы қатысқан жағдайда анықталады;
3. Жазғы және қысқы Президенттік көпсайыс, шаңғымен жүгіру және тоғызқұмалақ мектеп командаларының міндетті түрде қатысатын спорт түрлері болып табылады. Міндетті болып есептелетін спорт түріне қатыспаған мектеп командасына **-20** айып ұпай беріледі.
4. Гимназиаданың қорытындысы бойынша жалпыкомандалық орын спорт түрлеріне қатысып, жиналған ұпай саны бойынша анықталады. **Форс мажорлық жағдайлар туындап (ТЖ, пандемия т.б), Гимназиада толықтай аяқталмаған жағдайда, жалпыкомандалық орын ешкімге берілмейді.**

5. Барлық Гимназиада кезінде (жалпыкомандалық орындарды анықтамас бұрын) жарыс ережелерін бұзған команда (жалған қатысушы, құжаттарды ұқсатып жасау) осы спорт түрінен шектетіледі және оған -50 айып ұпайы беріледі. Өтінім беріп жарыстарға себепсіз келген командалар автоматты түрде жарыстардан шығарылып, келесі спорттың түріне жіберілмейді, сонымен қатар сол командаға -25 айып ұпайы беріледі.

Жарыс ережелерін бұзған командаларға (құжаттарды ұсынбау: мектеп бұйрығы, өтінім, жеке іс қағазы, оқушының куәлігі, паспорт, біркелкі спорттық киімсіз келу, әр түрлі түсте шорттар мен футболкалар және нөмірсіз келу, командалар толық құрамда болмау және т.б.) келесі шаралар қолданылады: 1-ші ойында (2,4,5 кезеңдерде) жеңіліс беріліп келесі ойынға жіберіледі, егерде осындай жағдайлар қайталанатын болған жағдайда команда жарыстан шектетіледі.

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын тексеру үшін, төрешілердің қатысуымен әрбір ойын алдында, екі жақтың команда өкілдері бір бірлерінің құжаттарын тексереді.

Ескерту: Гимназиада жарыстары өтіп жатқан кезде, спортшылар тарапынан жарыс ережелерін өрескел бұзған жағдайда (төбелес, ренжіту, төрешілерді құрметтемеу, жарысқа кешігу), команда немесе жарысқа қатысушы жарыстан босатылады да, командаға барлық Гимназиада есебіне міндетті түрде кіретін қорытынды **0** ұпай беріледі.

VI. Қаржылық шарт

Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбесі орталығы жарыс өткізу барысында стадиондар, спорт алаңдары, спорт залдары, оқ ату тирлерін пайдалануға және жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне берілетін кубоктар, медальдар, дипломдар мен грамоталарды сатып алуға кететін төлем шығындарын көтереді.

VII. Өтінім берудің тәртібі (құжаттар)

Астана қаласы оқушылар Гимназидасының әр спорт түрлерінен өтетін ақтық жарыстарға қатысу үшін мектеп директорларының мөрі басылған өтінім 2024 жылдың 10 қыркүйегіне дейін Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығына мына мекен-жай бойынша Қ.Рысқұлбеков көшесі 4/4 үй, т/ф 23-24-42 немесе электрондық пошта **umcsport@mail.ru** арқылы тапсыру қажет.

Атаулық сұраныс (берілген үлгі бойынша), спортшының жеке кәртiшкесі мандат комиссиясына жарыстың бірінші күні беріледі.

Барлық кезеңдерде және жарыстың әр күндері команда өкілдерінде тиісті құжаттар болуы тиіс.

Жарыс кезінде қосымша өтінім, әр спорт түрінен өтетін жарыс ережесіне, сәйкес бұрынғы өтінімге еңген команда сапында бәсекеге түсуге төрешілер алқасы жіберген спортшылар есебінен рұқсат етіледі. Жаңа өтінімде әр кезеңде команда мүшелерінің 50 % алмаса алады.

Мектеп командасының өтінімінде көрсетіліп, оның құрамында бір және оданда көп ойынға қатысқан оқушы өз команда құрамында жарысты аяқтауға құқылы, бірақ жарыс кезінде басқа мектепке ауысып, сол мектептің құрамында ойнау мүмкіндігінен айырылады.

Мектеп командасының өтінімінде көрсетіліп, оның құрамында бірде бір ойынға қатыспаған оқушы жарыс кезінде басқа мектепке ауысып, сол мектептің құрамында жарысты аяқтауға мүмкіндік алады.

Жарыстың бірінші күні мандат комиссиясына мынадай құжаттар тапсырылады:

- білім мекемесінің директоры және медбикесі растаған атаулық өтініш (әр спорт түріне жеке);
- білім беру ұйымдарының, өтінімде көрсетілген оқушының оқу орнына қатыстылығын растайтын құжат (суретімен, үлгісі қосымшада).

- барлық ойыншылардың және оқушылардың өмірі және денсаулығына жауапты команда өкілдерінің тізімі көрсетілген білім беру ұйымының бұйрығы.

Ескерту: берілген құжаттың анық-қанығына қатысты жауапкершілік мектептің директоры және дене шынықтыру пәні мұғаліміне жүктеледі

Өтінім беру үлгісі

2025-2026 жылдарға арналған Астана қаласы
оқушылар Гимназидасы бағдарламасы бойынша _____
өтетін жарысқа №___ мектеп командасынан
Ө Т І Н І М

№	Аты, жөні (толық)	Сынып	Туған жылы	Дәрігер рұқсаты	ЖИН №
1.					

М.О.

(қолы)

мекеме басшысының аты-жөні

(қолы)

команда өкілінің аты-жөні

(қолы)

команда бапкерінің аты-жөні

(қолы)

медицина қызметкерінің аты-жөні

VIII. Марапаттау

Аудандық жарыстардың әр спорт түрлері бойынша 1 – 2 – 3 орынға ие болған білім мекемелерінің құрама командалары кубокпен, медальдармен және дипломдармен марапатталады.

Ақтық қалалық жарыстарда спортың әр түрінен 1 – 2 – 3 орындарға ие болған құрама командалар кубокпен, медальдарымен және грамоталарымен марапатталады және жүлдегерлерді және жеңімпазды дайындаған бапкерлер медаль және дипломдармен марапатталады.

Ақтық қалалық жарыстарда спортың әр түрінен 1 – 2 – 3 орындарға ие болған спортшылар атаулы медаль және дипломмен марапатталады.

Гимназиаданың ақтық жарыстарында жалпыкомандалық 1 – 6 орынға ие болған мектеп командалары Астана қаласы Білім басқармасының кубогімен, медальдарымен және грамоталарымен марапатталады.

Гимназиада жеңімпаздарын дайындаған жаттықтырушы ұстаздар ұйымдастыру комитетінің грамоталарымен және төрешілер алғыс хаттарымен марапатталады

Астана қаласы Білім
басқармасы басшысының
2025 жылғы « » _____
№ _____ бұйрығына

«БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ!» АТТЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІ СПАРТАКИАДАСЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУ ЕРЕЖЕСІ

I. Мақсаты және міндеті

Астана қаласы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің Спартакиадасы (әрі қарай Спартакиада) мына мақсатта өткізіледі:

- «Дене тәрбиесі және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңын, «Қазақстан Республикасына білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын және 2024-2025 оқу жылына арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын іске асыру;
- колледж студенттері арасында отансүйгіштік тәрбиесін күшейту және салауатты өмір салтын насихаттау;
- студенттердің дене тәрбиесімен, спортпен тұрақты шұғылдануға тарту;
- әртүрлі спорт түрлерімен айналысуға студенттердің қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың денсаулығын нығайту;
- дүбірлі республикалық және халықаралық жарыстарға қатысатын қалалық құрама командалар үшін дарынды жас спортшыларды даярлап, іріктеуге бағытталған жұмыстарды мақсатты түрде жүргізу.

II. Спартакиаданы өткізуге басшылық жасау

Қалалық колледж студенттері Спартакиадасын дайындап өткізудің жалпы басшылығын Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы жүргізеді. Осы мақсатта Білім басқармасының бұйрығымен Спартакиада жарыстары жоғарғы деңгейде өту үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Спартакиаданың ақтық жарыстарын тікелей өткізу Бас төрешілер алқасына, сондай-ақ әр спорт түрлерінен тағайындалған бас төрешілер мен спорт түрлері бойынша төрешілерге жүктеледі. Колледж студенттері Спартакиадасы шеңберінде жарыстарды өткізу үшін стадиондармен, спорттық алаңдармен, спорттық залдар мен оқ ату тирлермен және т.б. қамтамасыз ету білім беру ұйымдарының басшыларына жүктеледі.

III. Жарысқа қатысушы мекемелер мен спортшылар

Спартакиадаға Астана қаласы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының спорттық дайындығы бар және дәрігерлік тексерістен өткен студенттері жіберіледі. 21 жастан асқан және диплом алған бітіретін курстардың студенттері жарысқа жіберілмейді.

Жарысқа қатысатын студенттердің, сол білім мекемесінде оқитындығы жөнінде талас туындамас үшін ұйым өкілдері алдын-ала келісіп алулары қажет, ал туындай қалған жағдайда әр өкіл мандаттық комиссия отырысына, тиісті құжаттарды көрсетулері – (сынақ кітапшасы, Президенттік көпсайыста қосымша - куәлік) қажет.

Білім мекемелері жарысқа қатысатын командаларды біркелкі спорт киімімен қамтамасыз етуге тиіс.

IV. Өткізу тәртібі мен мерзімі

Астана қаласы колледж студенттері Спартакиадасы 4 кезеңде өткізіледі:

- 1 кезең – колледжаралық жарыстар (топтар алдындағы жарыстар)
- 2 кезең – топтағы және іріктеу жарыстары
- 3 кезең – топтық және іріктеу ойындары
- 4 кезең – ақтық қалалық жарыстар

V. Өткізу шарты

Колледж студенттері Спартакиадасы спорттың 12 түрінен өткізіледі (кросс, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, баскетбол, волейбол, шаңғымен жүгіру, қазақ күресі, қысқы және жазғы Президенттік көпсайыс, футбол). Спартакиаданың ақтық жарыстары жарыстың өткізу ретінің тиісті бөлімінде баяндалған тәртіп бойынша және әр спорт түрлерінен бекітілген қазір қолданыстағы ережелер бойынша өткізіледі. Жалпы командалық орынды анықтағанда екі немесе одан да көп команданың жинаған ұпайлары бірдей болған жағдайда әр спорт түрлерінен бірінші, екінші орындарды және жүлделі орындарға көбірек ие болған командаға басымдылық беріледі. Екі немесе одан да көп командалардың ұпай сандары тең түскен жағдайда, төмендегі берілген көрсеткіштер арқылы анықталады:

Екі немесе одан да көп командалардың ұпай сандары тең түскен жағдайда мынадай көрсеткіштер арқылы командалар басымдылыққа ие болады (әр кезеңде жекелей 2, 4, 5 кезеңдерде жіберілген және салынған доп санының және кезеңдердің айырмашылығы азайту +, - амалы арқылы есептелінеді):

футболда:

- барлық кездесулердегі жеңіс саны;
- екі команданың арасындағы ойын нәтижесі
- осы командалардың салынған және жіберілген доп санының айырмашылығы;
- көп соғылған доптың саны бойынша.

волейболда:

- барлық кездесулердегі жеңіс сандары арқылы;
- екі команданың арасындағы ойын нәтижесі;
- барлық кездесулердегі кезең айырмашылығы арқылы;
- әр кезеңде жекелей барлық кездесулердегі доп санының айырмашылығы арқылы;
- әр ұтқан кезең үшін команда ұпайға ие болады, егер команда 0-2 есебімен ұтылған жағдайда оған ұпай берілмейді.

баскетболда:

- барлық кездесулердегі жеңіс сандары арқылы;
- екі команданың арасындағы ойын нәтижесі;

- тең ұпай көрсеткіштері бар командалардың арасындағы ойын нәтижесі ;
- осы командалардың салынған және жіберілген доп санының айырмашылығы;
- көп салынған доптың саны бойынша.

Спорт түрлері бойынша жарыстар Спартакиаданың төрешілік алқасында өзгертілген және толықтырылған Халықаралық ережелер бойынша 5 кезеңде өткізіледі.

2 кезең – топтағы ойындар (өткен оқу жылының қорытындысы бойынша 9-24 орынға ие болған командалар 4 топты құрайды). 1-2 орынға ие болған командалар келесі кезеңге жолдама алады.

3 кезең- қиыстырылған ойындар , өз топтарында 1-2 орынға ие болған командалар төмендегі көрсетілген жүйе бойынша 4 кезеңге берілетін 4 жолдаманы сарапқа салады:

1) A1-D2, 2) D1-A2, 3) B1-C2 4) C1-B2,

4 кезең- қалалық ақтық жарыстарға жолдама беретін іріктеу ойындары. 12 команда «Жыланша» әдісімен 3 командадан 4 топқа бөлінеді, ары қарай топта 1-2 орын алған командалар **A1-D2, 2) D1-A2, 3) B1-C2 4) C1-B2** әдісімен жартылай финалға жолдама алады.

5 кезең – IV кезеңде ұтылып қалған 4 команда жеребе немесе дауыс беру арқылы 5-8 орындарды анықтайтын жүйені анықтайды: I жүйе- **W1-W4, W2-W3**, II жүйе- **W1-W3, W2-W4** және III жүйе- **W1-W2, W3-W4**, кейін ұтылған командалар 7-8 орынға таласады, ұтқан командалар 5-6 орынды сарапқа салады

IV кезеңде ұтқан 4 команда жеребе немесе дауыс беру арқылы жартылай финалдық ойындарды анықтайтын жүйені анықтайды: I жүйе- **W1-W4, W2-W3**, II жүйе- **W1-W3, W2-W4** және III жүйе- **W1-W2, W3-W4**, кейін ұтылған командалар 3-4 орынға таласады, ұтқан командалар 1-2 орынды сарапқа салады

Спорт түрлері бойынша жалпы командалық біріншілікте ұпай 1-і кесте бойынша анықталады:

Орын	Ұпай	Орын	Ұпай	Орын	Ұпай	Орын	Ұпай
1	35	7	18	13	12	19	6
2	30	8	17	14	11	20	5
3	25	9	16	15	10	21	4
4	22	10	15	16	9	22	3
5	20	11	14	17	8	23	2
6	19	12	13	18	7	24-32	1

Командалық жарыстарда спорттық ойын түрлері бойынша ұпайлар саны төмендегі 2-і кесте бойынша жүргізіледі:

ҚОС бағдарламасы шеңберінде кезеңдер бойынша ұпайларды үлестіру	Ие болған орындар	Ұпай
5 кезең - спорттық ойындар бойынша қалалық ақтық жарыстарда 1-6 орындарға ие болған командаларға ұпайларды үлестіру	1 орын	35
	2 орын	30
	3 орын	25
	4 орын	22
	5-8 орын	20
4 кезең - қиыстырылған ойындарға қатысқан 6 командаға ұпайларды үлестіру	9-12 орындар	15
3 кезең - топтарда ойнаған командаларға ұпайларды үлестіру	13-16 орындар	13
2 кезең - топтарда ойнап, 3 кезеңге өтпеген	Топтардағы 3,4,5 орындар	8

Спартакиаданың ақтық жарыстарында :

1. Жарысқа әр спорт түрлерінен 6 команда қатысқан жағдайда командалық біріншілік анықталады. Спартакиада спорттың 12 түрінен өтеді.
2. Спартакиаданың қорытындысы бойынша жалпыкомандалық орын спорт түрлеріне қатысып, жиналған ұпай саны бойынша анықталады. **Форс мажорлық жағдайлар туындап (ТЖ, пандемия т.б), Спартакиаданың барлық спорт түрлері толықтай аяқталмаған жағдайда, жалпыкомандалық орын ешкімге берілмейді.**
3. Жекелей біріншілік жарыс бағдарламасы бойынша жарысқа 4 спортшы қатысқан жағдайда анықталады;

4. Барлық Спартакиада кезінде (жалпыкомандалық орындарды анықтамас бұрын) жарыс ережелерін бұзған команда (жалған қатысушы, құжаттарды ұқсатып жасау) осы спорт түрінен шектетіледі және оған -50 айып ұпайы беріледі.

Жарыс ережелерін бұзған командаларға (құжаттарды ұсынбау: өтінім, сынақ кітапшасы, жеке куәлік, біркелкі спорттық киімсіз келу, әр түрлі түсте шорттар, футболкалар және нөмірсіз келу, командалар толық құрамда болмау және т.б.) келесі шаралар қолданылады : 1-ші ойында (2,4,5 кезеңдерде) жеңіліс беріліп, келесі ойынға жіберіледі, егерде осындай жағдайлар қайталанатын болған жағдайда команда жарыстан шектетіледі.

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын тексеру үшін, төрешілердің қатысуымен әрбір ойын алдында, екі жақтың команда өкілдері бір бірлерінің құжаттарын тексереді.

Ескерту: Спартакиада жарыстары өтіп жатқан кезде, спортшылар тарапынан жарыс ережелерін өрескел бұзған жағдайда (төбелес, ренжіту, төрешілерді құрметтемеу, жарысқа кешігу), команда немесе жарысқа қатысушы жарыстан босатылады да, командаға барлық Спартакиада есебіне міндетті түрде кіретін қорытынды 0 ұпай беріледі.

VI. Қаржылық шарт

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының директорлары Кеңесі төрешілерге кететін төлемақы қаражатын және спортзалдар мен спорт алаңдарын пайдалануға жәрдемдеседі. «Өркен» балалар жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы МКҚК Спартакиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттауға кететін төлем шығындарын көтереді.

VII. Өтінім берудің тәртібі (құжаттар)

Спартакиаданың әр спорт түрлерінен өтетін ақтық жарыстарға қатысу үшін білім беру ұйымы директорының мөрі басылған өтінімі төрешілер алқасы мүшесіне тапсырылады.

Қосымша өтінім, әр спорт түрінен өтетін жарыс ережесіне сәйкес, бұрынғы өтінімге еңген оқушы бәсекеге түсуге төрешілер алқасы жіберген спортшылар есебінен рұқсат етіледі.

Жарыстың бірінші күні мандат комиссиясына мынадай құжаттар тапсырылады:

- білім мекемесінің директоры және медбикесі растаған атаулық өтініш (әр спорт түріне жеке);
- білім мекемесінің, өтінімде көрсетілген оқушының оқу орнына қатыстылығын растайтын құжат-сынақ кітапшасы

Ескерту: берілген құжаттың анық-қанығына қатысты жауапкершілік білім беру ұйымы директоры және дене шынықтыру пәні мұғаліміне жүктеледі.

Өтінім үлгісі

2025-2026 жылдарға арналған Астана қаласы
колледж студенттері

Спартакиадасының бағдарламасы

бойынша _____ өтетін жарысқа _____ командасынан

Ө Т І Н І М

№	Аты, жөні	Топ	Туған жылы	Дәрігер рұқсаты	Сынақ кітабі № Бұйрық №	ИИН №
1.						

М.О. (қолы) мекеме басшысының аты-жөні
 (қолы) команда өкілінің аты-жөні
 (қолы) команда бапкерінің аты-жөні
 (қолы) медицина қызметкерінің аты-жөні

VII. Марапаттау

Жарыстың әр спорт түрлері бойынша 1 - 2 - 3 орынға ие болған білім беру ұйымдары құрама командалары кубокпен, медальдармен және грамоталармен марапатталады.

Спартакиада жеңімпаздарын дайындаған дене тәрбиесі пәні мұғалімі және жаттықтырушы ұстаздар мадақтау қағаздарымен марапатталады.
 Жалпыкомандалық 1-5 орынға ие болған білім беру ұйымдары командалары кубокпен және мадақтау қағаздарымен марапатталады.

Астана қаласы Білім
 басқармасы басшысының
 2025 жылғы « » _____
 № _____ бұйрығына

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА МЕКТЕП ЛИГАСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

I. Мақсаты және міндеті

Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында Мектеп лигасы мына мақсатта өткізіледі:

- «Дене тәрбиесі және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңын, «Қазақстан Республикасына білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын және 2025-2026 оқу жылына арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын іске асыру;
- салауатты өмір салтын насихаттау және оқушылардың денсаулығын нығайту;
- оқушыларды дене тәрбиесімен, спортпен тұрақты шұғылдануға тарту;
- мектеп лигаларын насихаттау және спорттың олимпиадалық емес түрлерін көпшілікке тарату.

II. Жарыстарды өткізуге басшылық жасау

Қалалық Мектеп лигасын дайындап өткізудің жалпы басшылығын МКҚК «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы жүргізеді. Жарыстар жоғарғы деңгейде өту үшін Білім басқармасының жанынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Лиганың ақтық жарыстарын тікелей өткізу Астана қаласы Білім басқармасының ұйымдастыру комитеті бекіткен бас төрешілер алқасына, сондай-ақ әр спорт түрлерінен тағайындалған төрешілерге жүктеледі.

III. Жарысқа қатысушы мекемелер мен спортшылар

Жарыстарға қала мектептерінің спорттық дайындығы бар, дәрігерлік тексерістен өткен оқушылары қатысады.

Білім мекемелері жарысқа қатысатын командаларды біркелкі спорт киімімен қамтамасыз етуге тиіс. Қалалық Мектеп лигасын өткізу үшін стадиондармен, спорттық алаңдармен, спорттық залдар мен оқ ату тирлермен және т.б. қамтамасыз ету білім беру ұйымдарының басшыларына жүктеледі.

IV. Өткізу тәртібі мен мерзімі

Мектеп лигасы оқу жылы барысында жарыс бағдарламасында көрсетілген мерзім бойынша 4 кезеңде өткізіледі:

- 1 кезең – мектеп ішіндегі жарыстар (топтар алдындағы жарыстар)
- 2 кезең – топтық жарыстар
- 3 кезең – қалалық ақтық ойындарға іріктеу жарыстары
- 4 кезең – ақтық қалалық жарыстар

V. Өткізу шарты

Қалалық Мектеп лигасы төрешілік алқасында өзгертілген және толықтырылған ережелер бойынша өткізіледі

Мектеп лигасы жарыстарында анықталады:

1. Спорт түрлері бойынша барлық жарыстар жеке-командалық біріншілікте өткізіледі.
2. Жекелей біріншілік жарыс бағдарламасы бойынша жарысқа 4 спортшы қатысқан жағдайда анықталады;
3. Спорт түрлері бойынша барлық жарыстар жеке-командалық біріншілікте өткізіледі.

Жарыс ережелерін бұзған командаларға (құжаттарды ұсынбау: мектеп бұйрығы, өтінім, жеке іс қағаздары, біркелкі спорттық киімсіз келу, әр түрлі түсте шорттар мен футболкалар және нөмірсіз келу, командалар толық құрамда болмау және т.б.) келесі шаралар қолданылады: 1-ші ойында (2,4,5 кезеңдерде) жеңіліс беріліп, келесі ойынға жіберіледі, егер де осындай жағдайлар қайталанатын болған жағдайда команда жарыстан шектетіледі.

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын тексеру үшін, төрешілердің қатысуымен әрбір ойын алдында, екі жақтың команда өкілдері бір бірлерінің құжаттарын тексереді.

Ескерту: Лига жарыстары өтіп жатқан кезде, спортшылар тарапынан жарыс ережелерін өрескел бұзған жағдайда (төбелес, ренжіту, төрешілерді құрметтемеу, жарысқа кешігу), команда немесе жарысқа қатысушы жарыстан босатылады да, командаға барлық Мектеп лигасы жарыстары есебіне міндетті түрде кіретін қорытынды 0 ұпай беріледі.

* жарыс алдында жеребе рәсімі өткізіліп жарыс жүйесі анықталады;

* егер, ақтық ойындар жарыстарына команда қатыспаған жағдайда, бас төрешілік алқасы өткен кезеңдерде қатысқан командаларды жарысқа жіберуге қақылы, және де ақтық ойындар жарыстарына өзгерістер еңгізу мүмкін.

VI. Қаржылық шарт

Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы МКҚК жарыс өткізу барысында стадиондар, спорт алаңдары, спорт залдары, оқ ату тирлерін

пайдалануға және жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне берілетін кубоктер, медальдар, дипломдар мен грамоталарды сатып алуға кететін төлем шығындарын көтереді.

VII. Өтінім берудің тәртібі (құжаттар)

Жарыстың бірінші күні мандат комиссиясына мынадай құжаттар тапсырылады:

-барлық ойыншылардың өмірі және денсаулығына жауапты команда өкілдерінің тізімі көрсетілген білім беру ұйымының бұйрығы.

- білім беру ұйымының директоры және медбикесі растаған атаулық өтініш (әр спорт түріне жеке);

- білім беру ұйымының, өтінімінде көрсетілген оқушының оқу орнына қатыстылығын растайтын құжат (суретімен, үлгісі қосымшада);

- директордың мөрі қойылған команданың жалпы фотграфиясы

- оқушыларды қатерлік жағдайлардан қорғайтын сақтандыру шарты

Ескерту: берілген құжаттың анық-қанығына қатысты жауапкершілік мектептің директоры және дене шынықтыру пәні мұғаліміне жүктеледі.

Өтінім беру үлгісі

2025-2026 жылдарға арналған Мектеп лигасы жарыстары бағдарламасы

бойынша _____ өтетін жарысқа

№ _____ орта мектеп командасынан

Ө Т І Н І М

№	Аты,жөні	Сынып	Туған жылы	Дәрігер рұқсаты	ИИН №	Ата-анасының байланыс номерлері
1.						

М.О.

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

мекеме басшысының аты-жөні

команда өкілінің аты-жөні

команда бапкерінің аты-жөні

медицина қызметкерінің аты-жөні

VIII. Марапаттау

Жарыстың әр спорт түрлері бойынша 1 – 2 – 3 орынға ие болған білім мекемелерінің құрама командалары кубокпен, медальдармен және дипломдармен марапатталады. Спорт түрлері бойынша жекелей жарыстарда 1-2-3 орынға ие болған спортшылар медальдар және дипломдармен марапатталады.

Астана қаласы Білім
басқармасы басшысының
2025 жылғы « » _____
№ _____ бұйрығына

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА «ЖАС ЖАУЫНГЕР» ӘСКЕРИ- СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУ ЕРЕЖЕСІ

II. Мақсаты және міндеті

«Жас жауынгер» жас сарбаздар ойындары мына мақсатта өткізіледі:

- «Дене тәрбиесі және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңын, «Қазақстан Республикасына білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын және 2025-2026 оқу жылындағы өткізілетін «ЖАС ЖАУЫНГЕР» әскери-спорттық ойындарының күнтізбелік жоспарын іске асыру;
- жастарды әскери-патриоттық бағытта, Қазақстандық патриотизм және азаматтық сана-сезімге тәрбиелеу, қазақстандық жауынгердің келбетін қалыптастыру;
- жауынгерлік, еңбек және Қазақстан халқының ұлттық салт – дәстүрлеріне адалдық сезімін қалыптастыру;
- спорт шеберлігін арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау;
- отан қорғаушы мамандығын дәріптеу;
- патриоттық және әскери-спорттық клубтарындағы әскери-патриоттық жұмысты жандандыру және жетілдіру;
- жеке физикалық және әскери дайындығы барынша жоғары спортшыларды анықтау.

III. Жарыстарды өткізуге басшылық жасау

«Жас жауынгер» әскери-спорттық ойындарын дайындап өткізудің жалпы басшылығын МКҚК «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы жүргізеді. Жарыстар жоғарғы деңгейде өту үшін Білім басқармасының жанынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ақтық жарыстарын тікелей өткізу Астана қаласы білім басқармасының ұйымдастыру комитеті бекіткен бас төрешілер алқасына, сондай-ақ әр әскери – қолданбалы спорт түрлерінен тағайындалған төрешілерге жүктеледі.

III. Жарысқа қатысушы мекемелер мен қатысушылар

«Жас жауынгер» әскери-спорттық ойындарына қала мектептері және колледждердің дене дайындығы бар, дәрігерлік тексерістен өткен оқушылары мен студенттері қатысады.

Білім мекемелері жарысқа қатысатын командаларды біркелкі арналған киімімен қамтамасыз етуге тиіс. Қалалық «Жас жауынгер» әскери-спорттық ойындарын өткізу үшін стадиондармен, спорттық алаңдармен, спорттық залдар мен оқ ату тирлермен және т.б. қамтамасыз ету білім беру ұйымдарының басшыларына жүктеледі.

IV. Өткізу тәртібі мен мерзімі

«Жас жауынгер» әскери-спорттық ойындары оқу жылы барысында жарыс бағдарламасында көрсетілген мерзім бойынша 3 кезеңде өткізіледі:

- 1 кезең – мектеп және колледж ішіндегі жарыстар (топтар алдындағы жарыстар);
- 2 кезең – топтық жарыстар, қалалық ақтық ойындарға іріктеу жарыстары;
- 3 кезең – ақтық қалалық ойындар.

V. Өткізу шарты

«Жас жауынгер» әскери-спорттық ойындары төрешілік алқасында өзгертілген және толықтырылған ережелер бойынша өткізіледі

Жарыстарда анықталады:

1. Жарысқа әр спорт түрлерінен 6 команда қатысқан жағдайда командалық біріншілік анықталады;
2. Жекелей біріншілік жарыс бағдарламасы бойынша жарысқа 4 спортшы қатысқан жағдайда анықталады;
3. Әскери – қолданбалы спорт түрлері бойынша барлық жарыстар жеке-командалық біріншілікте өткізіледі.

Жарыс ережелерін бұзған командаларға (құжаттарды ұсынбау: өтінім, сынақ кітапшасы, жеке іс қағаздары, студенттің куәлігі, паспорт, біркелкі киімсіз келу, әр түрлі түсте келу, командалар толық құрамда болмау және т.б.) келесі шаралар қолданылады : 1- ші ойында жеңіліс беріліп, ойынға жіберіледі, егер де осындай жағдайлар қайталанатын болған жағдайда команда жарыстан шектетіледі.

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын тексеру үшін, төрешілердің қатысуымен әрбір ойын алдында, команда өкілдері бір бірлерінің құжаттарын тексереді.

Ескерту: «Жас жауынгер» әскери-спорттық ойындары өтіп жатқан кезде, қатысушылар тарапынан жарыс ережелерін өрескел бұзған жағдайда (төбелес, ренжіту, төрешілерді құрметтемеу, жарысқа кешігу), команда немесе жарысқа қатысушы жарыстан босатылады да, командаға барлық жарыстары есебіне міндетті түрде кіретін қорытынды 0 ұпай беріледі.

*жарыс алдында жеребе рәсімі өткізіліп, жарыс жүйесі анықталады;

*егер, ақтық ойындар жарыстарына команда қатыспаған жағдайда, бас төрешілік алқасы өткен кезеңдерде қатысқан командаларды жарысқа жіберуге құқылы, және де ақтық ойындар жарыстарына өзгерістер еңгізу мүмкін.

VI. Қаржылық шарт

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы МКҚК жарыс өткізу барысында стадиондар, спорт алаңдары, спорт залдары, оқ ату тирлерін пайдалануға және жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне берілетін кубоктар, медальдар, дипломдар мен мадақтамаларды сатып алуға кететін төлем шығындарын көтереді.

VII. Өтінім берудің тәртібі (құжаттар)

Жарыстың бірінші күні мандат комиссиясына мынадай құжаттар тапсырылады:

- білім мекемесінің директоры және медбикесі растаған атаулық өтініш;
- білім беру ұйымдарының, өтінімде көрсетілген оқушының оқу орнына қатыстылығын растайтын құжат (суретімен, үлгісі қосымшада).
- барлық ойыншылардың және команда өкілдерінің тізімі көрсетілген білім беру ұйымының бұйрығы.

Ескерту: құжаттардың дұрыстығына АӨТД оқытушы – ұйымдастырушыларына және білім беру басшыларына жеке жауапкершілік жүктеледі.

Өтінім үлгісі

«Жас жауынгер» әскери-спорттық ойындарының (жарыс түрі) жарысына
(мектеп №, колледж, ӘПСК, "Жас сарбаз" сын.)

өтінім

р/с №	Аты, тегі, әкесінің аты (толық)	сынып	Туылған күні, айы, жылы	Қатысатын әскери – қолданбалы спорт түрі	ЖСН	Ата – ананың телефондары	Мед.қызмет. қолы
----------	---------------------------------------	-------	-------------------------------	---	-----	--------------------------------	-------------------------

--	--	--	--	--	--	--	--

МО. (қолы) Білім беру ұйымының басшысының аты - жөні
(қолы) команда өкілінің аты - жөні
(қолы) білім беру ұйымының мед.қызметшінің аты - жөні

VIII. Марапаттау

Аудандық жарыстардың 1 – 2 – 3 орынға ие болған білім мекемелерінің құрама командалары мақтау қағаздарымен марапатталады.

Ақтық қалалық жарыстарда 1 – 2 – 3 орындарға ие болған құрама командалар кубокпен, медальдарымен және дипломдарымен марапатталады.

Ақтық қалалық жарыстарда 1 – 2 – 3 орындарға ие болған қатысушылар жеке есепте атаулы медаль және дипломмен марапатталады.

Астана қаласы Білім
басқармасы басшысының
2025 жылғы « » _____
№ _____ бұйрығына

АСТАНА ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ СПАРТАКИАДАСЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУ ЕРЕЖЕСІ

1. Мақсаты мен міндеттері

- білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің демалу және еңбегін ұйымдастыру жүйесіне дене тәрбиесі мен спортты енгізу;
- мұғалімдердің дене дайындығы деңгейін көтеру;
- білім беру ұйымдарында педагогикалық ұжымдардың жұмысын жеделдету;
- білім беру ұйымдарының қызметкерлері арасында СӨС салтын насихаттау;
- білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлерінің арасында қарым-қатынастарын нығайту;
- ең жақсы ұжымды анықтау, қала мектептерінің арасында тәжірибемен алмасу.

2. Басшылық

- Астана қаласы әкімдігінің МКҚК «Өркен» БЖДТО және «Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығы» ММ қолдауымен жарыстардың өткізілуіне жалпы басшылық білім беру қызметкерлерінің Кәсіподағы жүргізеді;
